

**«Бизнес балалармен бірге, бизнес балалар үшін»
Республикалық бизнес-идея интернет-байқауын
қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «**Бизнес балалармен бірге, бизнес балалар үшін**» Республикалық бизнес-идея интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

Мақсаты: білім алушыларды ересек өмірге және кәсіби қызметке даярлау үшін жағдай жасау, тұлғаның шығармашылық дамуына, олардың әлеуметтік белсенділігіне, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігіне ықпал ету.

Міндеттері:

- білім алушылардың алдағы өз бетінше өмір сүруіне қажетті білім жүйесін меңгеруі;
- құқықтық және экономикалық сауаттылық негіздерін ұғынуы;
- жасөспірімдер мен жастардың арасында кәсіпкерлік қызмет туралы оң пікірін қалыптастыру;
- кәсіпкерлік қызметті дәріптеу;
- нақты кәсіби-еңбек іскерлігін, дағдыларын және адекватты кәсіби ниетіне дағдыландыруды қалыптастыру.

2. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

3. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

4. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 15 наурыздан 10 мамырға дейін** rumcdobiznes@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2017 жылға 10 мамырдан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2017 жылғы 20 мамырда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

5. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

6. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының атауы: «Бизнес балалармен бірге, бизнес балалар үшін» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

7. Байқауға қатысу үшін rumcdo.biznes@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

8. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 11-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) 11-14 жас;
- 2) 15-17 жас.

9. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. **«Үздік бизнес-идея».** Қатысушылар кәсіпкерлік саласындағы бизнес-идеяларды білім беру, өнер, ғылым, техника, сауда және т.б презентация түрлерін ұсынады.

Презентации Power Point бағдарламасында орындалатындықтан материалдарды визуалдаудың түрлі тәсілдеріне ерекше көңіл бөлу керек (фотосуреттер, суреттер және т.б.). Презентацияның көлемі 10 слайдтан аспауы тиіс.

Байқау жұмыстарының бағалау өлшемдері:

презентация мазмұнының аталған тақырыпқа сәйкестігі;

идеясының ерекшелігі;

ресімделуі, дизайны және техникалық орындалуы;

байқау материалдарының әдебиет тілінің ережелері мен нормаларына сәйкестігі.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

1. **«Үздік шығарма»** номинациясы. Қатысушылар қазақ немесе орыс тілінде жазылған эссе жанрындағы жұмыстарын ұсынады. **Болжамды тақырыптар:** «Егер мен кәсіпкер болсам...», «Қазіргі қоғамдағы бизнес», «Бизнес әлемі: ол қандай?», «Егер мен бизнесмен болсам...», «Өз бизнесіңді жаса!».

Ресімдеуге қойылатын талаптар. Жұмыс Word мәтіндік редакторінде орындалуы тиіс. Қаріпі – Times New Roman. Қаріп өлшемі – 14. Жоларалық интервал – бірыңғай. Жұмыс көлемі А-4 пішіміндегі 1 беттен аспауы тиіс.

Жұмысты бағалау өлшемдері:

аталған байқаудың мақсаты мен номинациясына сәйкестігі;

тақырыптың толық ашылуы;

нақты материалды білуі;

байқау жұмысын сауатты және эстетикалық орындауы;

сөздерінің нақтылығы және мәнерлілігі.

2. «Үздік жоба» номинациясы. Байқауға жастарды бизнеске тарту, кәсіпкерлікке дағдыландыру бағытындағы жобалар қабылданады.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

жобаның байқау шарттарына сәйкестігі;

әлеуметтік тиімділігі, шығармашылық жобаның өзектілігі шешілетін әлеуметтік мәселелері мен жобаның маңыздылығы;

жобаның міндеттері бойынша жұмыс жоспарының болуы;

жобаны іске асыруға қажетті шарттарды сипаттау (жеке, материалдық-техникалық, ақпараттық);

әлеуметтік мәселелерді шешудегі жаңашыл көзқарас;

жобалау кезінде заманауи инновациялық технологияларды, нысандарды және әдістерді қолдану;

болжамды нәтижелердің сипаттамасы (болжамды нәтижелердің шынайылығы және жобаның болашақтағы дамуы: жергілікті деңгейдегі нақты аудиторияның жоба бойынша сұранысы);

зерттеудің ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, автордың қосқан жеке үлесі;

жұмыстың ресімделуі.

10. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

11. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс құралдары;

жетекшісінің аты-жөні (*білім алушылар үшін*).

12. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

13. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

14. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 303 («Бизнес балалармен бірге, бизнес балалар үшін»).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → («Бизнес балалармен бірге, бизнес балалар үшін» байқауы → әрі қарай).

Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы ұсыным

Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы (екі тілде көрсетілуі қажет)	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың атауы	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)	Жетекшісінің аты-жөні
1	2	3	4	5